


2022-2023 оқу жылына арналған «Үстел теннис» үйірмесінің жетекшісі

Досниязова Гүлбақыттың


Жылдық есебі

2022-2023 оқу жылы Қыркүйек айында Үстел теннис үйірмесінің жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Үстел теннистен оқушылар қауіпсіздік ережесімен, ойын ережелерімен танысты. Үстел теннис үйірмесіне 20 оқушы қабылданды. Мақсаты: Оқушыларды шапшаңдыққа, төзімділікке, жылдам шешім қабылдауға, икемділікке үйрету.

Оқушылар ракетка мен доп алды. Жоспардың алғашқы күнінен бастап ракетканы қолдарына алып, допты жарға, ракетканың оң және сол жағымен ұруды үйрене бастады. Сонымен қатар ойын ережелерімен танысты.



Қазан айында Үстел теннис үйірмесінің оқушылары өзара жолдастық кездесу өткізілді. Мақсаты: Теннисшілердің техникалық дайындығын бақылау, 1-4 және 5-9 сынып аралығында өтті. Ойын ойдағыдай өткізілді. Мақсаты Оқушылардың үстел тенниске деген қызығушылықтарын арттыру.



Қараша айында теннисшілер арасында спорттық сайыс өткізілді. Жарысқа 3-команда қатысты. 1. «Алау» тобы

2. « Бүркіт» тобы

3. «Шымыр» тобы

Спорттық сайыс 5-кезеңнен тұрды.

I - Таныстыру

II- Кедергілер арасымен ракетка мен допты алып жүру

III- Допты жарға ұру (қанша ұруы есептеледі)

IV- допты ұру арқылы нысанаға тигізу

V- Қорытынды

Қорытынды : Шымар тобы I- орын, II- Алау, III-орын Бүркіт тобы ие болды.
Мақсаты: Дене құрылысының өсіп жетілуі, ойлау шапшандығын арттыру және ептілікке тәрбиелеу.



Желтоқсан айының 15.12.2022ж күні Ойыл ауданық Спорт мектебінде 2012-2011 ж оқушылар арасында жарыс ұйымдастырылды. Қабдрахим Дария, Қамбаров Ерхан, Халелов Нұртас барған болатын. Оқушылар жақсы ойын көрсетіп қана қоймай , тәжірибе алмасып қайтты. Үш командадан жеңіліп , екі команданы ұтып келді.

Қаңтар айында теннисшілер мұғалімдермен жолдастық кездесу ұйымдастырылды. Ойын жоғары деңгейде өтті.



Ақпан- Наурыз айларында теннисшілер жолдастық кездесулер ұйымдастырылды. Теннисшілер өздерінің ойындарын жақсы көрсете алды.

Мамыр айында теннисшілер табиғат аясына шығып , дала ойындарын ойнап, демалып қайтты.

Жыл бойына жоспарланған іс шаралар уақытылы ұйымдастырылып, оқушылардың спортқа деген қызығушылықтарын одан әрі оята білді. Оқушылар әр шараға қызығушылықпен белсене қатынасып отырды.

Жетекшісі : Досниязова Гүлбақыт